

1 2006
6534 k

ҚАЛДАРБЕК
НАЙМАНБАЕВ





КАЛДАРБЕК НАЙМАНБАЕВ
1
2

КАЛДАРБЕК НАЙМАНБАЕВ
МЫ ЖАМ ТЕБЯ
УЛЬЗАТ



Калдарбек Найманбаев
ЗЕЛЕННЫЕ
ОЛМЫ

КАЛДАРБЕК
НАЙМАНБАЕВ
КӨК ТӨБЕ

КАЛДАРБЕК НАЙМАНБАЕВ

Менің
ӨТКЕЛІ



Қалдарбек Найманбаев
Данк
туғырық

Қалдарбек Найманбаев
Апта

КАЛДАРБЕК
НАЙМАНБАЕВ


Менің бағамым

Әбден розаны жерге келіп алғары



**ҚАЛДАРБЕК
НАЙМАНБАЕВ**





К. Ханмуртаев

ҚАЛДАРБЕК НАЙМАНБАЕВ

Екі томдық шығармалар жинағы

1-ТОМ



Алматы
«Жазушы»
2005

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

Құрастырған Тілек Дәулетов

Найманбаев Қ.

Н 18 Екі томдық шығармалар жинағы. **1-том.** — Алматы:
Жазушы, 2005. — 400 бет.

ISBN 9965-701-73-3

Қалдарбек Найманбаев өткен ғасырдың 60-жылдарының басында қазақ әдебиетіне келіп қосылған, туған әдебиетіміздің деңгейін асқар биікке көтерген қарымды да алымды қаламгерлер легінің лайықты өкілі. Оның шығармалары әлемнің 20-дан астам тілдеріне аударылып, жарық көрді. Марқұмның оқушы қауымға ұсынылып отырған екі томдық шығармалар жинағына таңдамалы повестері мен әңгімелері енгізілген.

Н 4702250202-025
402(05)-05

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-701-73-3
ISBN 9965-701-72-5

© Найманбаев Қ., 2005
© “Жазушы” баспасы, 2005



СЫРБАЗ МІНЕЗДІ СУРЕТКЕР

Адам баласының мына сыры мен жұмбағы мол жарық дүниеге келуі мен кетуі құдіреті күшті Ұлы Жаратушының ісі екенін бәріміз де білеміз.

Ұлы Жаратушының әркімге әртүрлі тағдыр сыйлап, әр алуан өмір сүру мүмкіндігін тарту ететіні де белгілі.

Оны біз сол жұмыр бас пендеге бұйырған өмір сүру кеңістігі дейміз.

Пешенеге жазылған осындай өлшеулі кеңістіктің дүниеауу міндетін әркім әр қилы атқарады. Біз білетін Қалекең — Қалдарбек Найманбаевтың маңдайына сол өмір сүру кеңістігін, біріншіден, әдемі де сұлу, ойлы да парасатты атқару, екіншіден, жазушы болып, қалам тербеу, ұйымдастырушы болып, сөз өнері мен әдебиет әлеміне жетекшілік жасау міндеті жазылған екен. Қалдарбек Найманбаев соның екеуін де ел есінде жүретіндей, естияр ұрпақтың ойын қозғап, сезімін тербейтіндей, жарасымымен, жақсы, жайдары атқарған жаны сұлу, ойы терең, мінезі текті, болмысы таза жан екенін көзі тірісінде-ақ дәлелдеген.

Бұл менің ғана пікірім емес, жазушыны жақсы білетін, оның шығармаларымен таныс, өмірде аралас болған алыс-жақын көпшіліктің пікірі.

Еңбек жолын журналистикадан бастап, “Лениншіл жас” (қазіргі “Жас Алаш”) газетінде қатардағы журналистен бас редактордың орынбасарына дейін өскен, алдағы аға буынға да, өз қатарына да, өзінен кейінгі әріптес інілеріне де сыйлы болған қаламы жүйрік, ойы қарымды журналистің алпысыншы жылдарда көркемсөз айдынынан көрінуі тегіннен-тегін емес еді. Ол өзі ортасында қайнап өскен жастар өмірі мен сол тұстағы зиялы қауымның мінез-құлқын жан-жақты зерттеді. Елгезек қалам иесі ел ойынан шығатын мінездер мен тағдырларды сомдады. Соның нәтижесінде алпысыншы,

жетпісінің, сексенінші жылдарда оқырманнан да, әдеби сыннан да лайықты баға алған көркем повестер өмірге келді. Кітап сөрелерінен әр жылдарда жазылған “Даңқ тұғырында”, “Қоштасқым келмейді”, “Сол бір түн”, “Бастау”, “Үміт откелі”, “Беймаза қонақ”, “Аптап”, “Шілде”, “Көктөбе” секілді көркем дүниелер орын алады. Оқырман қауымның құрметіне бөленді, туындылар біраз шетел тілдеріне аударылды.

Міне, республикалық газет-журналдар мен баспаларда бас редактор, директор, Қазақстан Жазушылар одағында екінші хатшы, бірінші хатшы, Дүниежүзі қазақтары Қауымдастығында Тораққа Төрағасының бірінші орынбасары секілді тынымы жоқ қызметтердің ауыр жүгін көтере жүріп, жазушы қиялы мен ойы жаратқан шығармалардың ұзын-ыргасы осы.

Бұл шығармалардан өмірдің өтпелі қызықтары мен өскелең сипаттарына барынша ояу, сергек қараған, пешенесіне жазылған бұйрықты күндерін әдемі, сұлу өткізген, ағаның жолын кесуді білмеген, ініге деген ілтипатынан еш жаңылмаған, өз тағдырын өзі өрген, өмірдің қызығы мен қуанышын бір адамдай көрген талғамы таза суреткердің, танымы терең ойшыл адамның дүниені бағалауы, пендешілік дейтін қатпары қалың жаратылыстың табиғатын тануға ұмтылуы менмұндалап тұрады.

Кітап беттерін парақтап отырып, шындық дейтін шыныдай нәзік, шыныдай шытынағыш асау ұғымды өз жүрегінен өзгеше етіп өткізе білген автордың өрісі кең жайлауымен қайыра бір жүздескендей боласыз. Таң алдындағы даланың мөлдір шығымен бет жуып, саф таза ауасын сіміре жұтқандай, алпысыншы, жетпісінің жылдардағы түнгі Алматының момақан түнін мейірлене кешкендей күй кешесіз. Кінәз мінезді, өмірдің өзінде бірде нұрлы суреттер, бірде қара бұлттай түйілген, қытымыр көріністер мен алуан-алуан тағдырлар андыздап алдан шығатын жазушы әлемінің оқырман ойы мен жүрегіне ұсынары мол, айтар гибраты жетіп артылады.

Қамшының сабындай қысқа өмірінің көбі әдебиеттің көсегесін көгертуге, Жазушылар одағы дейтін киелі төрдің қызметін атқаруға, республикадағы баспа жұмысының қанаттануына арналған іскер басшының кең тынысты, нәзік те сырлы қаламгерлік, қайраткерлік болмысын айғақтар күреске, шабытқа толы күндердің байқаусыз тарих ениісіне айналып бара жатқаны, Қалекеңе қатысты әңгіменің қай-қайсысы да енді “өткен” деген сөзбен айтылатыны біз үшін үлкен өкініш. Бұл оны жақсы білген кез келген әріптестері үшін аса ауыр. Осындай да дүниенің өтпелі екені еріксіз еске түседі. Пәни-жалған деген ұғымның мәні мен мағынасына қайыра ат басын

бұрып, іштей мына жарық дүниенің қадіріне жете түскендей боласыз... Соған ойыңды құрықтап, көзіңді жеткізе түсер Қалекең секілді кісілікке, мінезге бай адамдардың болғанына, боларына іштей тәуба айтасыз.

Қалекең екеуіміз соңғы жиырма бес жылдай уақыт аралығында сөзіміз де, сырымыз да жарасқан ағалы-інілі, сыйлас адамдар болып едік. Баспада, одақта, Жоғарғы Кеңесте, т.т. кәсіби орталарда бірге болдық. Әдебиет, өнер, ұлт, халық, мемлекет тағдыры таразыға түскен тоқсаныншы жылдардың тоңмойын мінезі кімді сынга салмады? Соның біраз ауыр жүгін көтеру қайраткер жазушының еншісіне тиді. Алып империя қалыптастырған өмір сүру, әдебиет жасау, мекеме басқару, тіпті мемлекет жұмысын басқару үлгілерінің де тасталқан болып, күйреп, адам ойы мен санасы тәуелсіздік дейтін текті ұғым алып келген жаңалықтарға үйрене алмай, дүние әрі-сәрі болып жатқан кезеңде Қалекеңдей ел азаматтарының иығына түскен жүк оңай болған жоқ-ты... Ол осы жылдарда әдебиет тағдырына арашашы болып, Жазушылар одағын басқарды, сыртта жүрген қандас ағайындардың қамын ойлап, дүниенің төрт түкпірін кезді. Осы бағытта жүргізілген мемлекет саясатының оң бағыт алуына ықпал етті. Дүниежүзі қазақтары Қауымдастығының жұмысын жүргізді. Елбасы тапсырмасын орындады. Айта берсе әңгіме көп... Қысқасы, қаламгер Найманбаев осы жылдарда қайраткерлік үлкен биіктен көріне білді.

Өмірден озған аяулы азамат, қабырғалы қаламгер аруағының әспеттеліп, шығармаларының жарық көріп жатуы, сөз жоқ, игілікті шаруа.

Күні кеше ғана ортамызды өзінің жайдары, жарқын мінезімен толтырып, айналасына шуағы мен нұрын шашып жүретін сері мінезді, сырбаз жаратылыс иесінің жан сырын, жүрек лүпілін, ой толқынын, дүниелік құбылыстарға деген көзқарасын, суреткерлік пайымын танығысы келетін таныс-бейтаныс оқырман үшін бұл екі кітаптың берері мол. “Оқырман жүрегіне барар жолың кең, сапарың сәтті болсын, қайран Қалекеміздің қаламынан туған маржсан дүниелер!” дегіміз келеді сөз соңында...

Нұрлан ОРАЗАЛИН,

**Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының Төрағасы,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты**



ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ

Бір кезде басымды көтерсем байлаулы жатыр екенмін.

Жан-жағыма қарадым.

Әлгі Тоғанбай жоқ.

Жанымда Жаңыл отыр.

Жылап отыр.

Жатқан жерім — Пернебектің үйіндегі дәу пештің кең бұрышы екен. Сұр текеметтің үсті қарақошқыл нүктелерге толып кеткен. Сірә, мұрным қанаса керек. Тілім аузыма сыймайды. Еріндерім де икемге келер емес. Тістерімнің арасына жылымшы бір кілегей тұрып қалыпты. Жұтынсам-ақ жүрек айнытады.

Қыл арқан қос білегімді қиып барады. Сәл тартынсам-ақ жаным көзімнің алдына келеді. Жұлқынбайын десем Жаңыл түйінді шеше алар емес.

Қолынан әбден әл кеткен қыз бір кезде қатып қалған қыл арқанға тісін салды. Басы қалтандап, олай бір жұлқыды, былай бір жұлқыды. Болмады.

Болмаған соң артыма бұрылып, “пышақ әкел де, арқанды кесіп жібер” деп ымдаймын. Оны ұғатын Жаңыл ма? Еріндерімді жыбырлатып, бас шұлғысам болды, дегбірі кетеді. Жынын шақырған бақсыдай мені айналып жүгіре береді.

Тіптен түсінген күнде де ол пышаққа жуымас еді. Манағы Тоғанбайдың тістеніп тұрып кезенген өткір кездігінен өлердей қорқып қалған.

Оның сол сәт қырқа байлаған қыл арқанның түйінін шеше алмайтынына көзім жетеді. Көріп те отырмын. Қарамайын-ақ деймін. Бірақ Жаңылдың бейберекет әлек болғанына күйіп кетемін. Шыдай алмаған соң оның көзіне тезірек түсу үшін жан-жағыма алақтай беремін. Көріп барып, көңіліне тоқымаса, қыз сорлыдан түк қайран жоқ.

Мойнымды бұрудың өзі күшке түседі. Мына қатты тиген ауыр соққы тұла бойымды талқандап кеткен тәрізді. Амал жоқ, тағы да Жаңылға қараймын.

Сорлының әбден елбе-делбесі шығыпты. Жалаңбас. Шашы қобырап кеткен. Көйлегінен сау-тамтық қалмаған. Иығына қалай ілініп тұрғанына таңмын. Төсіне қайдан көзім түскенін

білмеймін. Қараған бойда-ақ жүрегіме қан толып кеткендей болды. Шоштыып тұрған екі алмасының арасы — қып-қызыл. Тіс батқан тұстары қанталап тұр. Қап-қара. Кісінің қарауға дәті шыдамайды.

Сәт сайын мың құбылып, қызыл арай шапақ ойнап тұратын балаң жүзі күп-қу. Жуыла-жуыла ақжем болып кететін бет орамал бар ғой. Дәп соның өзі. Еріндерін жымқырып алған. Мұрынның жұқа желбезектері бүлк-бүлк етеді. Кірпіктері жыпылықтап, әр жақтағы мөлдір қарашық, мұп-мұздай болып, қараған тұсына қадала түседі.

Ой тереңіндегі шарасыздық сырын, сірә, жасырмайтын сияқты.

Мені қатты қинайтыны да — сол.

Жаңылдан ол мезет айбарлы ашу-ыза, кішкентай кеудені кернеген керемет бір күш-қайрат күтемін. Бірақ қыз байғұста оның біреуі де жоқ. Бар болғаны шарасыздық сыңай танытады.

Жаңылдың мүсәпір жүзіне қарап жығылған сайын ол менен алыстап бара жатқандай көрінеді.

Енді қарамауға бел байлап, басымды шайқаймын. Әрі отырамын, бері отырамын. Болмайды. Тағы да Жаңылды іздеймін.

Енді мен қыздың әлгі мұнды әлпетінен басқа бір сыр ұққандаймын. Ол қазір бар-бәріне немқұрайдылық, бар-бәріне базары біткен, бірақ сол үлкен базардан жоғын таппаған адамның шаршаулы кейпімен қарайтын тәрізді.

Жаңағы ернін тістелеуі, кірпігінің жыпылықтауы — амалсыздық белгісі ме, жоқ әлде шерменделік күйіне біржолата мойынсұнуы ма, ол жағы маған беймәлім.

Әлгі көз қынжылатын күйінішті суретке көп қарауға дәтім шыдамады білем, бір жағы ашу ызғырып, иегіммен төсімді төпелей беріппін. Бірдеңені сезді ме, көзінен жасы сорғалаған Жаңыл ұшып тұрып, үй ішін жанталаса ақтарып кетті. Әрі жүгіреді, бері жүгіреді. Сасқаны ма, көзінің алдындағыны көрмейді. Көрмегенімен тұрмай әр нәрсені бір ұстайды. Ұстайды да, лақтырып жібереді.

Бір кезде ол қалт тұра қалды. Екі бетіне алақанын басып болар емес. Әлден соң жерден жеті қоян тапқандай абдырап, төрдегі қаттап қойған көп жүкті аударыстыра бастады.

“Бәтір-ау, бұл не іздеп жүр” деп мойнымды созып қараған боламын. Бірақ көңіл тоқтатар ештеңе қоры алмаймын. Шыдай алмай тағы мойнымды созамын. Жаңа байқадым. Тамағында да сау жер қалмаған екен. Тіс батқан тұстары көгеріп кеткен. Қан теуіп тұр.

Манағы жалаң аяқ қалпы.

— Кім бар-а...ай...

Бұл маңда екеуімізден басқа ешкім жоқ екеніне шындап-ақ көзім жетеді. Бірақ үнсіз қалудан қорқатын сияқтымын. Қанша жұлқыным да арқаннан құтыла алмай, ызаға булығып, жарылып кетуге әзер отырмын.

Шыдай алмай қыл арқанды жұлқып қаламын. Мезетінде-ақ көзімнен жас парлап қоя берді. Бар тапқаным — ернімді тістелей беремін. Бар тапқаным — жұлқына беремін.

Жаңыл төрдегі қаттаулы көп көрпені түгелдей ақтарып шықты. Ақыры ең астындағы оюлы текеметтің арасынан қызыл шәйі көйлегін тауып алды да, екі қолымен ашық тосін басқан күйі дірдектеп дәлізге шығып кетті.

— Қап! Осыдан босансам... Тоғанбай сені ме? Жер басып жүрсең бір көрермін. Бір кездесермін.

Өзіме-өзім айқайлап жатырмын.

— Бір көрермін-ау! Бір кездесермін!

Айқайлап жатырмын. Аузыма келгеннің бәрін айтып жатырмын.

Жаңағы қызыл шәйі көйлегін киіп алған. Жаңыл жүгіріп келді. Жүгіріп келді де, байлаулы қыл арқанға қайта жармасты. Артыма бұрылып, оған тағы да “пештің үстіндегі пышақты әкел” деп ымдаған боламын. Жаңыл онан сайын қыл арқанға жабыса түседі. Ызаға тұншығып, тағы ымдаймын. Жаңыл қыл арқанға онан сайын жабыса түседі.

Екі білегімнен жан кете бастаған-ау? Әлде ашудікі ме, ойтеуір ештеңені елер емеспін.

Бар тапқаным — жұлқына беремін. Бар тапқаным — ернімді тістелей беремін.

Менің кісі шошырлық кейпімнен бірдеңені сезді ме, бір мезет Жаңыл орнынан тұрды да, жүгіріп бұрышқа барды. Бұрышқа барды да, теріс айналып кетті. Иықтары қалш-қалш етеді.

Содан ол дірілдеп-қалтырап пештің жанына келді. Пышаққа қол соза беріп, Жаңыл тағы теріс айналып кетті. Теріс айналып, тағы бұрышқа барды. Бұрышқа барды да, бір уыс болып бүрісіп қалды.

“Осымен біткен шығар. Ол енді қайтып жоламайды” деп ойладым ішімнен. “Енді екеуіміз екі жерде осылай қалған шығармыз”. Күйініп кетсем керек, жұлқынып қалдым. Сол сәтте қыз әнтек бұрылып, пештің үстіндегі пышақты алды да, жаныма жетіп келді.

Қорқып кеттім. Кім біледі, абдырап жүріп не өзін, не мені жарақаттап алуы да ғажап емес қой оның. Жаңыл бір он жағыма шықты, бір сол жағыма шықты. Пышақты түйінге

жақындатады да тартып алады. Жақындатады да, тартып алады. Мен болсам, бажырайып қатып қалыппын.

Ақыры бір кезекте ол арқанды апыл-ғұпыл қиып жіберді де, теріс айналып жүре берді.

Жаңылға қарағаным жоқ.

Есік алдына жүгіріп шықтым.

Шаңқай түс екен. Күн күйіп тұр. Алыстағы көктемді қыраттардың үстінде майда сағым ойнайды. Арық жағасындағы тал біткен бүршік атып, түрленіп кетіпті. Сылдырап аққан су сыбдыры құлақты қытықтайды. Кең дала көптен көріспеген көктем шуағына төрден орын беріп, оның жайдарылығына таң-тамаша қалған.

Көз жетер жерден қарауылға ілінетін қара көрінбейді. Айнала маужырап тұр.

Алғашқыда не істерімді білмей аңырып біраз тұрдым. Бірдеңе іздеген боламын. Бірақ не іздейтінімді анық білмеймін де.

Әрі-беріден соң анадай жердегі жер ошақтың жанына қалай барғанымды өзім де сезбей қалыппын.

Қолыма түскені — сабы сынық балта болды.

“Көкталдағы” ауылды бетке алып, жүгіре жөнелдім.

Жүгіріп келемін. Айқайлап келемін. Аузыма келгеннің бәрін айтып келемін. Артымда Жаңылдың да жанұшыра жүгіріп келе жатқанын сезіп келемін.

Соғыстың ауыр күндерінің ауыр табынан жұрттың әлі айығып кете қоймаған кезі еді.

Бір жағы колхоз бақшасында көзқору, бір жағы соның басы-қасында ертелі-кеш түртінектеп жүретін адам керек болыпты да, осы қырдың басына алдымен Пернебектің үйі көшіп келіпті.

Содан бақша басына тағы бір түтін керек болған кезде апам мені ертіп Пернебектің үйіне келді.

Бұрын ол көршідегі “Бақсайда” тұрыпты. Менің әкемді біледі екен. Баяғыда екеуі мойынсерік болып қауын еккен көрінеді.

Онда біз — “Көкталда” тұратынбыз.

Жол-жөнекей апам екеуіміз әжептәуір сөзге келіп қалдық. Керістің басы болмашыдан шықты. Мен апамның қарадай таусылып келе жатқанын жақтырмай:

— Қойшы осы. Сен күйінді деп жұрттың бәрі жолдан қалмайды ғой, — деуім-ақ мұң екен, ал кетсін ол:

— Аспаннан аяғым салбырап түсе қалдым деп жүрген шығарсың. Тесік өкпемді сүйретіп, тілім нанды аузымнан жырып беріп, әлімұлыққа жеткізген күнімде көретінім — сенің көз алартқаның болса, құдай ала қойсын мені. Қу тағдыр менен оны да көп көрген шығар.

— Апа, айдалаға көшіп барғанда бізге біреу ат басындай алтынды ұстата сала ма?

— Қайдан білейін деп едің сен. Бақшаның басында отырсақ көкке ерніміз ерте тиеді. Сырттан келіп жатқан тесік тиын жоқ. Енді ең болмағанда колхоз бізге қарауылдың еңбек күнін жазады ғой. Осының бәрін бірауық ойласаң нетті, бейшараның баласы.

— Соны бір үйден бір адам ойласа жетпей ме?

— Өстіп тілің мен жағыңа сүйен де қал. Өзің білме, білгеннің тілін алма. Қарғыстың ең жаманы — осы.

Оның көздері жыпылықтап, жаулығының ұшы дем сәтте кірпіктеріне ілініп қалды. Бір жағы “бармай-ақ, қояйын” дегеніме қарамастан жата-жабысып ертіп шыққаны бар. Бір жағы — орынсыз жерде келеңсіз әзілге кетіп қалатын қиқар мінезім бар, әйтеуір менің аузымнан шыққан сөздің апамның жүрегіне шаншудай қадалғанын анық сеземін. “Несіне қажай беремін” деп кінәлаймын өзімді-өзім. “Апам бейшараның ұйықтаса түсіне кіретін мен емеспін бе?”

Жаңағыдан соң не дерімді білмей оған жалтақ-жалтақ қарай беремін.

Менің көңілімнің босаңсығанын сезді ғой деймін, қайтуы тез апам байғұс жібіп сала берді:

— Барайық, балам. Көрейік. Ұнамаса айтармыз. Алда-жалда бізді “көшесің, көшпесең болмайды” деп жатқан ешкім жоқ қой.

Төмен қараған күйім тіл қатқан жоқпын. Іштей қосылмағанмен осы сәт апамның көңілін қалдырғым келмеді. Бір түрлі оны аяп кеттім.

Біз келгенде Пернебек есігінің алдында шылбыр есіп отыр екен. Көре-сала бір қозғалақтап алды да, іштегі біреуге айқай салды.

— Әй, Бижамал, көрпе сал. Кісі келді.

Сосын ол орнынан тұрып апамның қолын алды. Артынан мен де ентелей келіп, “ассалау...” дей беріп едім ол:

— Үйге кіріңіздер, — деп бұрылмастан ішке өзі бастап кетті. Табалдырықтан аттаған бетте Пернебек бізден бұрын барып, қақ төрге өзі отырып алды. Апам ортадағы арбиған қазақы пештің түбінде қалды. Мен үй иесінің жанына жақын барып, мыж-мыжы шыққан дәу масаты жастыққа жантая кеттім.

— Амансыздар! — Апам бір қозғалып қойды.

— Аманбыз!

Пернебек шашын ұстарамен сыпыртқан айтақыр басын сипалады.

— Келіп қалған екенсіздер ғой? — Апам үй иесіне сығалай қарады.

— Келіп қалдық. Өстіп. Дәм-түз... Әсте тартқан болу керек. Шеткерірек екен. Ауылдан деймін де. Колхоздың әлгі атқа мінерлері — тағы бір үй... көшіріп әкелеміз деген өнеугүні. Селбесіп көреміз-дағы, — деп Пернебек бір жөткірініп алды.

Қызық сөйлейді екен өзі. Бәрін бөліп-бөліп айтады. Аңдап отырмасаң мән-жайын оңайлықпен ұқтырмайтын сияқты.

Ол айтақыр жалпақ басын тағы бір сипалап алды да, сырттағы әйеліне айқай салды.

— Бұл үйдің қатыны қайда кеткен, әй!? Шайларыңды әкелсеңдерші.

Үнсіз қалдық. Неге екенін кім білсін, сол үнсіздік менің арқама аяздай батты. Шыдай алмадым.

— Басқармадағылар бізді де осында көшіндер деп болмай жатыр ғой...

Апам маған алара қарады. Пернебек түк естімегендей мелшиіп отыра берді. Сәлден соң ұзын бойлы, ақ сары әйел келіп алдымызға дәу ала дастарқанды жайды. Артынша жаңағы әйелдің аузынан түсіп қалғандай бір қыз имене кірді. Сонсоң ол қолындағы бүйірлі көк шайнекті дастарқанның шетіне тоқ еткізіп қоя салды да, состиып тұрып қалды. Со сәт Пернебек әлгі қызға көзінің астымен бір қарап еді, анау жалт бұрылып алды-артына қарамай үйден шығып кетті.

— Жақындаңыз. Дастарқанға, — деді үй иесі апамға қарап. Маған айтқан жоқ. Менің онсыз да жақындайтынымды сезсе керек.

Өзі асығып-үсігіп жаңа піскен таба нанды турап жатыр.

Шай құйылды. Ыстық нанның қашаннан өзім жақсы көретін күйген шеті алдыма келіп қалған екен.

Іркілгенім жоқ.

Апам әлсін-әлсін жалтақтап қарай беремін. “Шай ішу үшін келгеніміз жоқ қой”.

Тіптен маған салса қазір-ақ кетіп қалар едім. Қонақ келді деп қабақ ашып отырған ешкім жоқ. Әлгіде қыз қолындағы шайнекті тоқ еткізгенде-ақ суынып қалғанмын. Оның бергі жағында Пернебектің сөзі — сырдаң. Әліге шейін “бар-жоқпен” ғана отыр.

Менің байыз таппай отырғанымды сезді ме, апам бір кезде созбақтап сөз бастады.

— Шырақ, сыртыңнан білетінбіз. Біздің үйдегі марқұм ағаң айтып еді...

Пернебек кесесін қолына алды. Қолына алды да, ыстық шайды үн-түнсіз сораптап кетті. Әлі сораптап отыр, әлі сораптап отыр. Ішім пысып барады. Ақыры кеседегі шай таусылды-ау! Мен де “yh” дедім. Ол да “yh” деді. Сосын барып апама қарады.

— Рахымберді скеуіміз ғой. Мойынсерік деуші ме еді? Рахымбердіден қалған көз. — Ол басын көтерді, — баланы айтамын да.

— Орнында қалған оңалар деген осы, — деді манадан кезек-кезек кесе жөнелтіп үнсіз отырған ақ сары әйел ауыр күрсініп.

— Кеп қалып... Отырмыз. Көп көрінеді. Бақшасын айтамын да. — Үзіп-жұлып отырған Пернебек қой. — Жалғыз үйіміз. Мұның бәрін... Игеру қайда? — Ол кесесін тағы қолына алды. Енді Пернебек біразға дейін ыстық шайды сораптап кетеді. Соны сездім де, дастарқаннан кейін сырғып, төрдегі сырлы жұқаяққа арқа сүйеген бойы шалқая кеттім.

Манадан-ақ үйдің есігі ашық тұрған. Бірақ о жаққа көз салғаным жоқ-тын. Енді қарсы келіп қалыппын. Дәлізге дәу қара қазан асылған ошақтың дәл аузында жаңа бөстек тоселген екен. Соның шетін ала манағы шайнекті тоқ еткізіп қоя салған қыз жүресінен отыр. Қызыл шәйі көйлек киген. Әлгі әзірде үстіндегі басқа көйлек сияқты еді. Ауыстырып киген-ау, шамасы...

Отырысы маған бір қырын. Бетінің мен жақтағы ұшы қып-қызыл. Әлсін-әлсін біз жаққа үрлана қарап қояды. Қолы тіптен тыныш таппайды екен. Сүйір саусақтары иілгіш-ақ. “Биші шығар” деп қоямын өзімше. Бір жағынан қолының ербең-ербең еткені маған епетеісіз көрінеді.

— Осында келмексіз ғой? — Пернебек кеседен басын көтеріп, апамды жаңа көргендей бажырая қарады.

Тосыннан келген тура сауалдан қысылып қалды ма, әуелгіде апам төмен қараған күйі дастарқанның бүктелген шетін мыжғылап көп отырды.

Содан маналы бергі сиырқұйымшақтатып отырған сырын бір-ақ ақтарды.

— Бір күн бықсып-сықсып қай жерде болса да өтеді ғой. Орталықтағы ауыл баламның оқуына да көптен-көп қолайлы еді. Бірақ басқармадағы үлкен-кіші қолқалап қояр емес. “Сенен жеңіл көшетін ешкім жоқ” деп болмай-ақ жүр. Оның үстіне күнбе-күн кетпен арқалап, жұрт қатарлы жүруден қасып барамын. Содан әнсүгүні бір келгендерінде ыңғай бергендей болғам-ды.

— Екеуіңіз-ақ қой?

— Бір жағы бала оқиды. Мен болсам — мынау отырысым. “Қалай көреді” деп те көп күпті боп келгенім тағы бар, шырақ. Құдайдан жасырмағанды сенен несіне жасырайын. — Апам Пернебектің жаңағы сұрағын естімеді ме, жоқ әлде елемеді ме, өзінің манағы әңгімесін созбақтап кетті.

Пернебек сораптап отырған шайын тауысты да, кесені төңкеріп тастады.

— Бастықтар айтса... Болды да. Не сөз енді?

Ақ сары әйел дастарқанды жинап өкетті. Сәлден соң қайтып оралды. Келген бетте кесе-шайнекті ысырып, жүрелеп отыра қалды. Отыра қалып:

— Қайдам, әйтеуір, келіп қалдық... Мынау... — дей беріп еді, Пернебек сөзін бөліп жіберді.

— Жаңылды жібер. Анау қойларды... қайырып келсін!

“Жаңылы кім болды екен?”

Жалма-жан есік жаққа қарадым. Ошақ басындағы әлгі қыз бері бұрылған екен.

Бірдеңе айтқысы келетін сияқты. Екі бас бармағын шошайтады.

Қыз басымен кісіге қарап бас бармағын шошайтқанын тағы жақтырмай қалдым.

Сол екі ортада ақ сары әйел үйден шығып кетті.

Көп ұзамай ол қайтып келіп тағы жүресінен отыра қалды. Алдымен күйеуіне үрлана бір қарап қойды. Сосын маған көз салды. Сосын апамды іздегендей болды. Сосын етек-жеңі кең көйлегін тартпақтап төмен сусыта берді де:

— Қайдам, әйтеуір кем-кетігі көп түтін едік. Бәрі құдайдан да. Әлгі қызымыз... — деп келе жатыр еді, Пернебек оның сөзін тағы бөліп жіберді.

— Қойсаң, — деді ол, — “қызым” деп... Жаныңа ел жуытпай отырмақпысың. Не дегенің ол?

Ақ сары әйел бұл жолы күйеуінің түспалдап тиіскеніне ыққан жоқ.

— Көрші болғалы отыр. Жайын айтқалы келген шығар. Жайымызды білгелі келген шығар. Неге айтпаймыз? Айтсын деп отыр. Сен болсаң — үзіп-жұлқып... Сөзінде бәтуе жоқ. Бала құсап...

— Немене, келін, сырқаты бар ма еді? — Апам ернін бір сылп еткізді.

Ақ сары әйел Пернебекке көзінің қиығымен “ә” деді де, бізге бұрылып. Апама қарап айтқан жоқ, маған қарап айтты.

— Тілеп алып едік. Тартып алғандай болғанбыз. Сұрақана құдайдың сараңдығы ұстады ма, кемтар ғып қолымызға ұстаға салды.

Апам қарап отыра ма, сол екі ортада киіп ала жөнелді.

— Үріп ауызға салғандай бала екен өзі... Қап!

— Бой жетіп қалды. Бір жағы соған бола — елден жырақ көшіп жүргеніміз.

— Немене сен? Сырғанақтап... — Пернебек темекісін құшырлана сорды. — Айтпаймысың. Тілі жоқ деп.

Ақ сары әйел үн-түнсіз жаулығының ұшымен көзін сүрте берді. Мен жалма-жан есік жаққа қарадым. Қыз көрінбейді. Оты сөнуге жақын қалған пештің аузындағы сары ала бөстек бос жатыр. Қара қазанның ағаш қақпағынан болар-болмас бу шығады. Ұзын темір көсеудің басы қозға көмулі күйі қалыпты. Алақан табынан ақшыл тартқан көсеудің сабы бөстектің көлеңкесінде жылт-жылт етеді. “Жаңағы әлгіде қызыл көйлекті қыздың құлағындағы дөңгелек сырғаның сары жиектері де осылай жылтыраған жоқ па еді? — деймін өзіме-өзім. — Қапелімде қайда кетті екен?”

— Қой, келін. Босқа қамығып қайтесің. Құдайдың осы бергеніне шүкіршілік те. Көз алдында асау лақтай секіріп жүргенді айтсайшы. Шырағым-ау, бәрінен жоқ жаман, жоқ құртады кісіні. Шүкіршілік те! — Апам ақ сары әйелді жұбатып жатыр.

— Мейлі ғой. Не шара енді, — деп Пернебек төмен қарады.

— Ешкімді көкіректен итеріп көрген жан емеспіз.

Ақ сары әйел жаулығының ұшын ұстаған күйі жылыстап шығып кетті.

— Серік деген... Әманда жақсы. Жақсы ғой, — деп Пернебек темекінің тұқылын іргеге лақтырып жіберді.

Үй ішін тосын бір үнсіздік басты. Пернебек қайтадан шылым орады. Апам қозғалақтай бастады.

— Қой, ендігіміз — қош-қон ғой. Бүгін-ертең арба жіберем деп кеткен әлгі біргат бала...

— Әй, Бижамал. Әлгі тамағың... Не болды? Тас түскен бе? — деп Пернебек айқай салды.

— Қой, әуре болмаңдар. Тамақты жей береміз әлі, — деп апам түрегеле берді.

— Мына қатынды... Жер жұтты ма-ей!

Пернебек шылымын құшырлана сорды.

Мен есік жаққа қоз салдым. Сары ала бөстек бос жатыр. Ошақтағы от қайта маздапты. Қыз да жоқ, көсеу де жоқ.

— Не боп қалды? — Ақ сары әйел үйге жүгіріп кірді.

— Тамағың... — деді Пернебек темекі түтініне шашала, — мына кісілер... маналы бері... Асығып отырған жоқ па?

— Мына қызы құрғыр қазанға қарамапты. Қазір. Қамырын илегелі жатырмын, — деп ақ сары әйел әжептәуір қысылып қалды.

Бірақ апам қарайламады. Көп қоштасқанымыз жоқ. “Иә, иә” деп олар қалды. “Иә, иә” деп біз кеттік.

— Көршіні құдай берген екен, — дедім мен былай шыққан соң.

— Е, несі бар? Жалпылдап қалған жаңдар көрінеді. Әйелі де, өзі де, — деп апам жуып-шайып жатыр.

— Анау Пернебегің аузын буған өгіздей біреу ғой.

— Немене, көрінген адамның бәріне жайылып жастық бол демекшімісің?

— Біз — көрінген адам емеспіз.

— Көрінген болмағанмен бір көргенсің. Бір көргенде осының өзі-ақ жетеді.

— Сонда да кісиде сәл бір жылылық болмай ма?

— Е, бола жатады да. Баяғыда әкең байғұс “момын” деп отыратын.

— Кім білсін.

— Әй, жер барып айтпасын-ау, сенің шадыр әкеңмен тіл табысқан адамнан жамандық шығады дегенге сенгім келмейді. Мейлі, әйтеуір мақтай берсейші...

— Бәрін қойшы. Байғұстардың анау қызын айтсайшы. Алғаш көргенде ішім жылып қалып еді. Тілі жоқ болған соң не оңады?

Апам ауыр бір күрсінді.

— Тілі жоғы қалай, сонда?

— Қалайы несі? Мылқау да. Тас керек. Құдай қыз беріп, оны меңіреу қылғаннан сақтасын!

— Ондайларға ем қонбай ма?

— Ем қонғанын осы жасқа келгелі бері көрген де емеспін, естіген де емеспін.

— Оқымайтын болды ғой онда...

Апам үндеген жоқ. Сірә, көші-қонның жайына ауып кетсе керек.

Менің көз алдымнан әлгі қыздың манағы кейпі кетер емес. Көлбендеп олай бір өтеді, былай бір өтеді. Өткен сайын оған тесіле қараймын. Қараған сайын ол маған сұрықсызданып барады. Бір түрлі жек көретін сияқтымын. Тек неге жек көретінімді анық білмеймін де. Әйтеуір со қызды жолықтырған апама іштей ызаланып келемін. Әлдебіреу оны маған таңып қойған сияқты. Енді одан құтыла алмайтын сияқтымын.

Сол күннің кешінде-ақ көшіп келдік. Қос ат жегілген дәу арба есік алдына келіп тоқтағанда Бижамал үйінен жүгіріп шықты.

— Сыпырып қойғам, — деді ол апама қарап.

— Тілеуінді берсін, — деді апам. — Бізді сыйласаң сені...
Со сәт босағадан Пернебектің тақыр басы көрінді.

— Е... е!

— Кеп қалдық, — дедім мен.

— Е... е! — деді ол тағы да.

— Әй, бала, атың кім еді, түсіре берсеңші мына жүкті. Апам анадай жерде состиып тұрған қара торы, дембелше жігітке алара қарады. Мана осылай жүрерде бригадир: “Көші қондарыңа қол ұшын береді” деп ертіп келген-тін оны. Ә дегеннен-ақ ол шеткерілей берген. Ештеңеге ықылас танытпаған соң мен жалынғаным жоқ. Апам да үйреншікті күңкілден асып кете алмады.

Біз көп қиналып жүк артып жатқанда ол темекі тартумен болған.

Темекіні керемет сәндеп тартады екен. Аузынан түтін шығарғанының өзі — жатқан бір цирк. Будақтатып лақ еткізбейді де, сыздықтатып үрлеп те шығармайды. Бір көзін сығырайтып кеп, аузындағы түйдек-түйдек түтінді ақ бауыр бұлғтай өрнек-өрнегімен айдап жібереді де, оны ізінше қайта жинап алады. Содан барып әлгі түтінді мұрнынан, екі езуінен кезек-кезек ағытады.

Алақаны — жап-жалпақ. Тістері араның жүзіндей қиқы-жиқы. Қара қошқыл тартқан. Кісіге түксие қарайды. Ол сәттерде шегір көздер қалың қабақтың астынан қатты айбат шегеді. Бірақ көп тұрмайды. Тез тайқып кетеді.

Жүктің бәрін жайғастырып болған соң жаңағы жігіттің темекі тартқанына қызыға қарап тұр едім, апам жүгіріп келді де:

— Сен оған үйір бола берме. Ұры көрінеді. Сотталып келген қаны бұзылған дейді. Аулақ жүр, қызылкөз пәледен, — деп тәптіштей жөнелді.

Тегі ол жаңағы сөздің шет-жағасын естіді-ау деймін, апам кеткен соң қабақ шытып, теріс айнала берді. Сосын темекінің тұқылын аяғының астына тастады да, оны табанымен көп таптады. Әбден мыж-мыжын шығарып, топыраққа араластырып жіберді.

Біраздан соң ол:

— Атың кім? — деді маған жай ғана.

— Нүрсейіт.

— Нүрсейіт болса жақсы екен. Менің Тоғанбай екенімді білетін шығарсың. Мана бригадир айтты емес пе?

— Білем.

Тоғанбай үнсіз қалды. Мені “жақтырмай тұр” деп ойлады ма, басын тұқыртып, өкшесімен жер шұқылай берді. Әлден уақыттан соң шыдамады білем, ол қайта тіл қатты.

— Күн қызарып батты ғой.
— Үлкендер күннің қызарып батқанын жақсы көреді, — дедім мен жылы ұшырай.
— Оқисың ба?
— Иә!
— Нешіншіде?
— Оныншыда.
— Қай жағына мықтысың?
— Ненің?
— Сабақтың да.
— Математикаға.
— Дұрыс екен.
— Оны білмесең бүгінде нан жоқ көрінеді ғой?
— Неге?! Бөріне де ықылас керек. Ықылас керек екен, — деп Тоғанбай ауыр бір күрсініп қойды.

Сол екі ортада қызыл шөйі көйлек киген баяғы қыз үйден жүгіріп шықты. Киіктің лағындай. Қағілез қимылмен жалт бұрылып, бір қарады да, жайрандап жүре берді.

Қыздың өке-шешесіне бірдеңе айтқысы бар. Екеуіне де кезек-кезек қарайды. Бір мезет маған көзі түсіп кетті де, жалма-жан басын тұқыртып, қырындай берді. Неге екенін білмеймін, күліп жіберіппін.

Қыз қайтадан көз салғанында менің ыржиып тұрғанымды көріп, бір жымыып қойды.

Тоғанбай жаныма келіп, көзін қысты. Көзін қысты да, күлген болды.

— Мынау нағыз үрдің қызы болмаса нетті!

Ол ысқырып жіберді. Мен Жаңылға жалт қарадым. Кесс-шайнекті сүртіп отыр екен. Басындағы қызыл орамалы маңдайына түсіп кеткен. Екі иығы бүлк-бүлк етеді. Кей-кейде кесенің түбіндегі өрнек-оюға тесіле қарап қалады. Сол мезет қыздың еріндері өз-өзінен діріл қағады. Жаңылдың осы кейпі — қауызын жаңа ғана жарған ақ үлпек мақта сияқты. Үріп жіберсең ұшып кететіндей. Жүп-жүмсақ. Жып-жылы. Шаң тимеген. Аппақ...

Тоғанбайдың аяқ астынан ысқырып жібергені — әлгі ақ үлпек мақтаны жұлып алып, батпаққа лақтырғанмен бірдей өсер етті маған. Жақтырмай қалдым да:

— Құлап қалма, — дедім.

— Талайын көргенбіз. — Ол тағы ысқырып жіберді. — Талайы көкеңнің қолынан өткен.

Бірдеңе десем-ақ Тоғанбайдың асырып жіберетінін сезіп тұрмын. Бірақ демеуге болмай қалды.

— Қолыңнан өткені көрініп тұр, — дедім мысқылды үнмен.

— Әй, оны қойшы, — деді Тоғанбай ыржалақтап. Мана бірлі-жарым шиша-пиша алып па едіңдер? Қаңсып кеттік қой.

— Шиша-пишанды білмеймін, — дедім мен. Апам ет асатын шығар.

— Айтса да сен қайдан білуші едің?! Тоғанбай ауыр күрсініп қойды.

Ол тамақ жібітетін ештеңе жоқ екенін сезді білем, кипақтап, кетуге ыңғайлана берді.

— Сүр бар. Ыстық сорпа ішіп кет. Ердей келген соң... Қарағым, қонақ бол енді.

Апам аяқ астынан жік-жапар болып жатыр.

— Әлгі тамақ жібітер бірдеңесі болмаса, етті жеп жүрміз ғой, — деп ол мақталы күртешесін қолтығына қысты.

— Ол құрғырың жоқ еді, қалқам. Ішетін ешкім болмаған соң.

Тоғанбай үн-түнсіз бұрылып жүре берді.

— Қаны бұзылған ғой бейшараның!

Апам күбір-күбір етеді.

Қас қарайып қалған кез еді. Есік алдына шықтым. Жаңыл самауырыңға от салып жатыр екен. Кей-кейде тамызық жалыны оттықтан асып жалп ете түскенде, қыздың күлімсіреген жүзі көрініп қалады.

Кішкентай шотпен самауырыңға салатын ағаш майдалауы — манағы бір әзірдегі кесе-шайнек сүрткенін көз алдыма әкелді.

Жып-жып етеді. Ерекше ықылас жетегіндегі адамның қимылы. Әйтеуір оның осы сәттегі бар болмысынан ересен бір қуаныш табы байқалады.

“Көшіп келгенімізге көңілі тасып жүр ме екен?” — деп ішімнен. “Бірақ оған адамның бары не, жоғы не? Естімеген соң сөйлемеген соң” деп ойлаймын тағы да.

Бірақ сол екі ортада онымен тілдесе алмайтыным есіме түсіп бір түрлі кейіп кеттім. Жаңылға жалтақ-жалтақ қарай беремін. Тамағымды кенеп-кенеп қоямын. Әрі-беріден соң ол емес, мен тіл қата алмайтын сияқтымын.

Бижамал бізді сол кеште-ақ ерулікке шақырды.

Қыстан қалған сүрін асқан екен. Жаңыл қамырын иледі. Есік ашық тұрған. Сыпыраны баяғы қазан аузындағы сары ала бөстектің үстіне жайған екен. Бәрін көріп отырдым. Бір байқайтыным Жаңылдың бірдеңені қолына алса жанып

кететіндігі. Манағы кесе сұртууі, самаурынға от салуы, енді қамыр жаюы — бәрі-бәрі ықыластың ісі сияқтанды.

Астан соң қол жуып бола бергеніміз сол еді, манадан бері үнсіз отырған Пернебек тары қуыратын былғауыштай кішкентай қара домбыраны қолына алды да, қос ішекті шертіп-шертіп жіберді.

Үй иесінің мен көргелі бергі қимыл-қарекеті, сөз саптауы, мінез-әлпеті домбыра тартып, думан қыздыратын адамға ұқсамайды. Жаңағы қағысы да сыр мінез күйшінің көңіл саңылауын танытпағандай еді. “Әншейінгі бір әуселесі шығар” деп түйдім ішімнен. Менің сол жасырын сырымды сезгендей-ақ Пернебек қолындағы домбырасын төрдегі жүкаяққа сүйсей салып, темекі орауға кірісті.

Бижамал қайтадан дастарқан жайды. Бауырсақ әкелді. Қант салды. Күбінің бір тостақ ақшыл майын қойды. Ашқылтым иісі аңқып, буы бұрқыраған күрең шай келді.

Молдасоқынып алған Пернебек бас бармақтай жуан темекісін әлі тартып отыр.

Алдыма келген кесені қолыма ала бергенімде, манадан бері пештің түбінде үнсіз отырған Жаңыл орнынан ұшып тұрды да, қара домбыраны жұлып алып, әкесіне ұстата салды.

— Мына қыз... — деп келе жатқан Пернебекті шай құйып отырған Бижамал киіп кетті.

— Тартсаңшы пәлсінбей! — Сосын ол апама қарап:

— Естімегенімен қызық көреді байғұс! — деді мұңайып.

— Кім көріпті, бұл жалған кең ғой. Мүмкін құлағына бір сыбдыр жететін шығар... — Апам аспан айрылып жерге түссе де қыздың түк естімейтінін қолындағы жүзігіндей біледі. Бірақ Бижамалдың көңілін жықпау үшін көрнеу көзге көлгірсіп отыр.

— Біздің үйдегінің қабағы ашылып жүретін күні кемде-кем. Кей-кейде домбыра тартса ғана көңілденіп кететіні бар. Қыз байғұс әкесінің сол жайдары сәтін жақсы көреді, — деп Бижамал тағы бір сырдың ұштығын шығарып тастады.

— Алда байғұс-ай! — Апам ернін бір сылп еткізді.

— Ел аман, жұрт тыныш қазір. Қабағыңды ашып жүрсеңші бір мезгіл десең тындамайды. Көзі отыр ғой, міне, — деп Бижамал күйеуіне қынжыла қарады.

— Немене сен? — Шыдамады білем, Пернебек дүңк ете қалды.

— Құдайдан жасырмағанды қоңсыдан несіне жасырамыз, — деді Бижамал жұлып алғандай.

— Әй, қатын! — Пернебектің қабағы түксиіп кетті. — Болды!

Ерлі-зайыпты екеуінің салғыласып кететіні айқын еді. Апам оны сезе қойып, сөзге араласты.

— Шырақ, біз де тыңдайық. Тартсаңшы домбыраны.

Пернебек ауыр бір күрсінді де, домбыраның құлағын бұрап, көп отырды.

Ақ сары әйел отағасысын мәмлеге шақырғандай болды. Соны күтіп отырғандай үй иесі де оңтайлана беріп:

— Қиссаны қайтеміз. Бүгін жазылып бір... Оңашада деймін де... Ән айтайықшы, — деді. Содан апама бұрылып: “Қсйуана, кейде осылай... Ұстап қалатын бақсылығымыз бар” деп сәл жымығандай болды. Сәл ғана. Оның өзінде де қоңқақ мұрнының желбезегі жел кеулеген қаңбақтай желп-желп етті де, басылып қалды.

Пернебек қара домбыраның құлағын бұрап, тағы біраз отырды да, бастап кетті.

Сұрасаң руымды Қаракесек,
Досымнап дұшпаным көп-а-ай қылған өсек.
Дұшпанның табалаған бір сөзінен,
Жатқаным қу қара жер-ай болып төсек-ау!.. —

деп шырқап кеткенде қайдан тап болғанын білмеймін — Жаңыл есіме түсті.

Сол пештің түбінде әлі отыр екен ол. Көздері жасаурап кеткен. Еріндері кезеріп, әкесінің домбыра ұстаған күсті қолдарынан көз алмай қатып қалыпты. Саусақтарын қайшылап алған. Дір-дір етеді.

Алғашқыда әнге балқып отыр-ау деп қалып ем, жоқ, ән аяқталып енді қай әуенге тоқтарын білмей, ыңылдап домбыраны жәй шертіп отырған Пернебектің қолдарынан әлі көз аударар емес.

Менің қызға тесіліп отырғанымды байқап қалған Бижамал көз қиығын бір тастады да, алдындағы кесені майлықпен ысқылай берді. Ұялып қалдым. Бірақ “ұялған тек тұрмас” дегендей Жаңылға жалтақ-жалтақ қарай беремін. Қараймын да ойға қаламын. “Әкесінің ілуде бір оралатын көңілді сәтін оның шынымен-ақ, аңсап күтетін болғаны ма? Мүмкін, ғаріп қыздың бұл да бір ілкі қуанышы шығар? Әйтпесе түк естімей жатып, мұншалық ұйымаса керек-ті. Онда ешкімнің де қабақ шытқанын қаламағаны ғой қыздың...”

Жоқ жерде Жаңылды кереметтей аяп кеттім. “Не деген қатыгездік! Не деген бақытсыздық бұл!” деп күбірлей беремін ғей. “Қатыгездің” кім екенінде, тіптен шаруам жоқ. Әйтеуір бір өшпестей өкініш оңс бойымды өртеп барады.